

Түйсік

**Махуова Гулфайруз Ерболатовна
БҚО Орал қаласы
Батыс Қазақстан медициналық колледжінің
психология пәнінің оқытушысы**

Жоспар

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім


2.1. Түйсіктің физиологиялық негіздері

2.2. Анализатор түрлері

2.3. Түйсіктер туралы жалпы ұғым

2.4. Түйсіктің заңдылықтары мен түрлері

3. Пайдаланылған әдебиеттер



Түйсік – адамның және басқа жан иелерінің жан қуатынан туындаған танымдық сезімі. Түйсік айналадағы нәрселердің сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, олардың жеке қасиеттерінің санада таңбалануы. Түйсік заттардың түр-түсін, ыстық-суығын, дәмін, иісін, т.б. сипаттары мен қасиетін ажырататын дүниетанудың алғашқы сатысы.

Түйсіктер
физиологиялық тұрғыдан келесі әрекет-
қимылдарды іске асырады.

Бейнелейді:

- ❖ Заттар мен құбылыстардың негізгі сырттай белгілерін;
- ❖ Ішкі ағзалардың қалпын.
- ❖ Тітіркенуді қабылдаушы қызметін;
- ❖ Өткізуші орталыққа ұмтылған жүйке жолдарының қимылын;
- ❖ Талдағыштардың орталық ми қабығы бөліктеріндегі әрекетін.

И.П. ПАВЛОВ ТҮЙСІКТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫН ЖҮЙКЕДЕГІ ТАЛДАҒЫШТАРДЫҢ (АНАЛИЗАТОР) ЖҰМЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮСІНДІРЕДІ.

Талдағыштар (анализатор) үш
бөліктен тұрады

```
graph TD; A[Талдағыштар (анализатор) үш бөліктен тұрады] --> B[Сезім мүшесі (рецептор)]; A --> C[Миға баратын жүйке талшықтары]; A --> D[Мидағы әртүрлі жүйке орталықтары];
```

Сезім мүшесі
(рецептор)

Миға баратын жүйке
талшықтары

Мидағы әртүрлі жүйке
орталықтары

Түйсіктер туралы жалпы ұғым

- **А.Р. Лурия** түйсікті екі принципке *жүйелік* және *генетикалық* түрлерін ашты.
- Генетикалық жіктемені ағылшын неврологы **Х. Хэд** салған.
 1. *Пропатикалық* оған органикалық түйсіктер (қарны ашу, шөлдеу т.с.с.)
 - 2 . *Эпикритикалық* оған адамның негізгі түйсіктері жатады.
- **Б. М. Теплов** түйсіктерді 2 топқа:
 1. *Экстрорецепторлар*.
 2. *Интероцепторлар*.Ал пропреоцепторларды ішкі түйсіктер деп санады.

Түйсіктің жүйелік жіктемесінің, негізін салған ағылшын физиологы **Чарльз Шеррингтон** (1906). Түйсікті 3 негізгі типке бөлді:

1. Сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің бейнесі болып табылатын түйсіктер. Бұлардың рецепторлары дененің бетінде немесе оған жақын орналасқан. Осындай сыртқы анализаторлардың рецепторларын **экстероцептор** деп атайды. Бұған көру, есту, иіс, дәм, тері түйсіктері жатады.
2. Ішкі мүшелеріміздің күйін бейнелейтін "(хабарлайтын) түйсіктерге түрлі органикалық түйсіктер" жатады. Олардың рецепторларын **интероцептор** деп атайды.
3. Дене мүшелерінің қозғалысы мен бірқалыпты орналасуын қозғалыс немесе кинестезиялық түйсіктер хабарлап отырады. Мұның рецепторы **проприоцептор** деп аталынады.

Көру түйсіктері

Біздің көзімізге
электромагнит
толқындарының әсер
етуінің нәтижесінде пайда
болады.




Есту түйсіктері

Есту мүшесін
тітіркендіретін ауа
бөлшектерінің тербелістері
— дыбыс толқындары.




Иіс түйсіктері

Мұрын кеңсірігіндегі кілегей қабықтың клеткаларына түрлі химиялық заттардың әсер етуі нәтижесінде иіс түйсіктері пайда болады.




Дәм түйсіктері

Дәм тіліміздегі дәм бүршіктері. Оны тіркендіретін белгілі дәмі бар, суға ерігіш түрлі химиялық заттар.



Сипап сезу түйсіктері

- *Пассив сипай сезу* тері түйсігі түгелдей кіреді
- *Актив сипай сезу* түйсігінің рецепторлары қолында орналасқан
- *Кинестезиялық түйсіктер* дененің жеке мүшелерінің бір күйдегі қалпын, қозғалысын білдіреді.
- *Тең басу* түйсіктері.
- *Вибрациялық* түйсіктер.



Сезгіштік және табалдырық

Психологияда адамның түйсігіне алу қабілетін **сезгіштік** деп атайды. Сезгіштік екіге бөлінеді:

1) Абсолюттік сезгіштік

Абсолюттік сезгіштік дегеніміз — сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштері түйсігіне алуы. *Абсолюттік табалдырық* — түйсік табалдырығының шегі. Абсолюттік табалдырық тітіргендіргіштердің болмашы ғана түйсік тудыратындай ең аз шамасы.

2) Айырма сезгіштік

Айырма сезгіштік деп сезгіш мүшелерің тітіркендіргіш, арасындағы болмашы айырмашылықты түйсігі не алуын айтады. Айырма сезгіштік сипаттау үшін не айыру табылдырығының мөлшерімен пайдаланады. *Айыру табалдырығы* түйсіктің әр түрінде түрліше болып келеді.

Адаптация

Сезім мүшелеінің сезгіштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуге байланысты да өзгеріп отырады. Бұл құбылысты **адаптация** дейді. Адаптация құбылысы адам сезгіштігінің артуын, немесе төмендеуін көрсетіп отырады. Түйсіктердің қай- қайсыда адаптацияланады.

Синестезия

Тітіркендіргіштің сезім мүшелерінің біреуінде ғана түйсік туғызудың орнына сол сәтте басқа түйсіктердің пайда болуына да жағдай жасайды. Мәселен, кейбір адамдар біреудің сөзін есткенде, бұған қоса түрлі дәмдер мен түстерді де сезінуі мүмкін. Мұндай адамдардың бірі қызғылт түстен жылылықты, екіншілері — көгілдір-жасыл түстен суықты сезінеді. Түйсіктердің осылайша қосарланып жүруін **синестезия** дейді.

Сенсибилизация

Сенсибилизация сезгіштіктің тек артуын ғана көрсететін құбылыс болып табылады.

Бір ізді образдар

Тітіркендіргіш әсерінің тоқталғанына қарамай, аз ғана уақыт болса да түйсіктің өз күшінде қалатын кездерін **бір ізді образдар** деп атайды. Бұлар көру, есту, иіс, дәм тактиль түйсіктерінде жиі кездеседі. Бір ізді образдардын бұл түрі **оң бір ізді образдар** деп аталады.

Колымызға екі парақ ақ қағаз алып, бірін ақ күйінде қалдырып, екіншісінің ортасына шаршылап қиылған қызыл қағаз жапсырайық. Бұдан кейін осы қызыл қағаздан көз алмай 20—30 секундтай қарап отырып, көзімізді сәл ақ қағазға аударсақ, оның бетінен көгілдір түсті көруге болады. Бұл теріс **бір ізді образдар**.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Қ.Б. Жарықбаев. “Психология негіздері” – Алматы, 2005;
- kitaphana.kz сайты;
- lektsii.com сайты;



Назарларыңызға рахмет!!!

